

**Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ  
Л.Н.ГУМИЛЕВА**

**L.N.GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY**

Журналистика және саясаттану факультеті

Телерадио және қоғаммен байланыс кафедрасы

**«ҚАЗАҚ СПОРТ ЖУРНАЛИСТИКАСЫ: КЕШЕ, БҮГІН,  
ЕРТЕҢ»**

халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция

**МАТЕРИАЛДАРЫ**

*2018 жылғы 14 желтоқсан*

**МАТЕРИАЛЫ**

международной научно-практической конференции

**«КАЗАХСКАЯ СПОРТИВНАЯ ЖУРНАЛИСТИКА: ВЧЕРА,  
СЕГОДНЯ, ЗАВТРА»**

*14 декабря 2018 года*

**MATERIALS**

of International scientific and practical conference

**KAZAKH SPORT JOURNALISM: YESTERDAY, TODAY AND  
TOMORROW**

Астана 2019

**ӘОЖ 070 (063)**

**КБЖ 76.01**

**Қ 17**

**Жауапты редактор: PhD доцент И.С.Рыстина**

**Құрастырушылар: Аға оқытушы Д.Дүйсебай, , оқытушы**

**А.Қалдыбекова, оқытушы Ш.Шәкенова**

**Қазақ спорт журналистикасы: кеше, бүгін, ертең. Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. 2018 жылғы 14 желтоқсан /құраст.: Д.Дүйсебай, А.Қалдыбекова, Ш.Шәкенова – Астана: Л.Н.Гумилев атын. ЕҰУ, 2019. - 187 б.**

Жинаққа «Қазақ спорт журналистикасы: кеше, бүгін, ертең» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары - Қазақ спорт журналистикасының даму кезеңдері, интернеттегі спорт тақырыбы, спорттағы PR, қоғаммен байланыстың өзекті мәселелері туралы мақалалар енгізілді. Ғылыми жинақта жарық көрген материалдар БАҚ қызметкерлері мен ғалым-зерттеушілерге, PR-мамандарына, журналистерге, оқытушылар мен студенттерге, сондай-ақ көпшілік оқырманға арналған.

**ӘОЖ 070 (063)**

**КБЖ 76.01**

© Л.Н.Гумилев атын. ЕҰУ, 2019

**ISBN978-601-337-114-6**

# Қазақ спорт журналистикасы: кеше, бүгін, ертең

## Мазмұны

ДҮЙСЕБАЙ Дүрәлі ҚАЗАҚ СПОРТ ЖУРНАЛИСТИКАСЫНЫҢ ТҮБІ ӘРІДЕ ЖАТЫР .....	4
РЫСБЕК Қыдырбек ҚАЗІРГІ ЖУРНАЛИСТЕРДІҢ СӨЗ САПТАУЫ ЖӘНЕ ІЗДЕНІСІ ТУРАЛЫ.....	9
АХМЕТОВ Марат СПОРТ САЛАСЫН НАСИХАТТАУҒА МЕМЛЕКЕТТІК КӨЗҚАРАС.....	12
САСАЕВ Нұрғазы ИНТЕРНЕТТЕГІ СПОРТ ЖУРНАЛИСТИКАСЫНЫҢ ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ .....	14
ҚАЙРАТҰЛЫ Б. ҰЛТТЫҚ СПОРТ ТҮРЛЕРІНІҢ ТАРИХИ-РУХАНИ МАҢЫЗЫ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ҚҰНДЫЛЫҒЫ .....	16
ТАЙЖАН Бақтияр СПОРТТАҒЫ КӘСІПҚОЙЛЫҚ ЖУРНАЛИСТКЕ ДЕ КЕРЕК .....	27
ПЯТИБРАТОВ Анатолий В РАНГЕ МЕЖДУНАРОДНОГО СТАТУСА.....	30
ЫСҚАҚ Динара ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ СПОРТ ЖУРНАЛИСТИКАСЫНДАҒЫ PR.....	34
ҚАЛДЫБЕКОВА Айдана Жарқынбекқызы СПОРТИВНАЯ ЖУРНАЛИСТИКА В СОЦИАЛЬНЫХ СЕТЯХ .....	39
ЗУРАШЕВ Мереке «SPORT» («ҚАЗАҚ СПОРТЫ») ГАЗЕТІНДЕГІ ЖАНРЛЫҚ БОЛМЫС .....	44
СҰЛТАНБЕК Назерке ҚАЗАҚСТАН БАРЫСЫ" ЖОБАСЫНЫҢ СПОРТ ТАҚЫРЫБЫН НАСИХАТТАУҒА ЖӘНЕ ЕЛ ИМИДЖІН ШЕТЕЛДЕ ТАНЫТУҒА ЫҚПАЛЫ .....	49
ИМАНҒАЛИЕВ Бауыржан Сәбитұлы, ҚОЖАХМЕТОВА Айдана Маратқызы АДАМНЫҢ ТҰЛҒА БОЛЫП ҚАЛЫПТАСУЫНА ДЕНЕ ТӘРБИЕСІНІҢ ӘСЕРІ .....	53
МҰРАТ Айгерим СПОРТИВНЫЙ ИМИДЖ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН НА МЕЖДУНАРОДНОЙ АРЕНЕ .....	56
СЫБАНБАЙ Сәкен ҰСТАЗ БЕН ШӘКІРТ ӨНЕГЕСІ.....	59

## Қазақ спорт журналистикасы: кеше, бүгін, ертең

СЫБАНБАЙ Сәкен МИКРОФОН АЛДЫНДАҒЫ ОЙЫНШЫ.....	65
ҚОЖАХМЕТОВА Айдана Маратовна СПОРТТЫҢ ТҮЛҒАЛЫҚ ДАМУЫНА ӘСЕРІ.....	67
БОЛАТОВА Гүлжауһар Жамбылқызы, АМАНЖОЛОВ Бекарыстан Нұрланұлы ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК ЭТОНОСАЯСАТ ЖӘНЕ БАҚ ТАРИХЫ, ҚАЛЫПТАСУ КЕЗЕҢІ.....	70
ТҰРЖАН Оңайгүл, ЕГЕМБЕРДИЕВ Исках ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІДЕГІ АҚПАРАТТЫҢ ЖӘНЕ ЦИФРЛЫ МАРКЕТИНГТІҢ ТУРИЗМДІ ДАМУЫҒА ЫҚПАЛЫ.....	75
ИМАНГАЛИЕВ Бауыржан, ТОКЕНОВА Диана ПСИХОЛОГИЯ БРЕНДИНГА И ЕГО ВЛИЯНИЕ НА ПОТРЕБИТЕЛЯ.....	82
МУХАМБЕТОВА В. К. ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ ЗАДАЧИ ДОКУМЕНТАЛЬНОЙ ЖУРНАЛИСТИКИ.....	86
ШӘКЕНОВА Шынар ДАҒДАРЫС ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚҰЗЫРЛЫ МЕКЕМЕЛЕРДІҢ КРИЗИСТІК КОММУНИКАЦИЯСЫ.....	89
ЖІГЕРҚЫЗЫ Нұршырақ, АЛГАЛИЕВА Гүлназым Сакенқызы ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖУРНАЛИСТИКАНЫҢ ДАМУЫ МЕН ҚАЛЫПТАСУЫ.....	92
КУДАЙБЕРГЕНОВА А.С. ТИПОЛОГИЯ АНАЛИЗ PR-ТЕКСТОВ В КАЗАХСТАНСКИХ ОНЛАЙН-СМИ: НАТИВНАЯ РЕКЛАМА.....	97
ДИДИГОВА Мадина Магомедовна ПРОБЛЕМЫ ПРАВОВОЙ ЗАЩИТЫ ЖУРНАЛИСТОВ И ЗАЩИТА ИНФОРМАЦИОННОЙ БЕЗОПАСНОСТИ (СОПОСТАВИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ).....	102
АЛЬКЕЕВА А.К РОЛЬ ИНТЕРНЕТ-ТЕХНОЛОГИЙ В ПРОДВИЖЕНИИ НЕКОММЕРЧЕСКИХ ОРГАНИЗАЦИЙ.....	104
ДАНИЛОВ Александр Сергеевич ПРОЦЕСС ПЕРЕФОРМАТИРОВАНИЯ ГОСУДАРСТВЕННЫХ КОММУНИКАЦИЙ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН.....	108
АЯГАНОВА Асель Агыбаевна РАЗВИТИЕ ПОЛИТИЧЕСКИХ СВЯЗЕЙ С ОБЩЕСТВЕННОСТЬЮ В КАЗАХСТАНЕ ПОСРЕДСТВОМ СОЦИАЛЬНЫХ СЕТЕЙ.....	112
ИМАНГАЛИЕВА Маржан Әбдірәсілқызы КОМПАНИЯДАҒЫ ҚАРЖЫ МЕНЕДЖМЕНТІН ЖЕТІЛДІРУ АСПЕКТІЛЕРІ.....	116

## Қазақ спорт журналистикасы: кеше, бүгін, ертең

МОЛДАБАЕВ Хасен Советханұлы МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕДЕГІ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ ЖӘНЕ ОНЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ .....	121
ЖІГЕРҚЫЗЫ Нұршырак БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНДАҒЫ ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИ ПУБЛИЦИСТИКАСЫ .....	129
ҚАЖДАР Іңкәр Асқарқызы ОТАНДЫҚ ЖӘНЕ ШЕТЕЛДІК МЕДИА-КОНТЕНТТЕРДІ САЛЫСТЫРУ .....	132
АЙТҚАЗЫ ҚЫЗЫ-ТУРЛЫХАНОВА М. БІЛІМ САЛАСЫНЫҢ ДАМУЫНДАҒЫ PR-ДЫҢ ОРНЫ .....	137
ЕРТАЙ Сағыныш Нұртайқызы ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ЖАҢА МЕДИАЛАР .....	142
БАБАЖАНОВА Дина Маратовна «МЯГКАЯ СИЛА» КАК ФАКТОР ФОРМИРОВАНИЯ СТРАНОВОГО ИМИДЖА КАЗАХСТАНА.....	145
КЕНЖЕБАЕВА Назым Қайратқызы АҚПАРАТ ТАРАТУДЫҢ МЕДИА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТӘСІЛДЕРІ.....	149
ИМАНГАЛИЕВ Бауыржан, МЕДЕТТЕГИ Асель PR В НЕФТЕГАЗОВОЙ ОТРАСЛИ.....	154
ШАКАРМАН Дана Қазбекқызы ҚОҒАМДЫ ЦИФРЛЫҚ ТҮРЛЕНДІРУ — ЗАМАН ТАЛАБЫ.....	158
АҚЫНОВА Аружан Алибиқызы НЕЙРОМАРКЕТИНГ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДА ДАМУЫ .....	162
МҰРАТ Самал КОМПАНИЯ СТРАТЕГИЯСЫН ТАҢДАУ ЖОЛДАРЫ .....	167
НУРТУГАН Сәтжол ҰЙЫМДАРДЫҢ КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ .....	169
ЕРТАЙ Сағыныш Нұртайқызы «СӨЗ ҚҰРАҒАН» ҚАЗАҚТЫҢ МАТЕМАТИГІ .....	172
МЕКЕБАЕВА Мадина Булатовна КАК DIGITAL-МАРКЕТИНГ И PR ВЛИЯЮТ НА РАЗВИТИЕ FASHION-БИЗНЕСА? .....	176
КАЙКЕНОВА Мархаба PR КОММУНИКАЦИЯ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ .....	180
АДАЙХАНОВА Ұлмекен МАНИПУЛЯЦИЯҒА ҚАНШАЛЫҚТЫ ЖИІ ҰШЫРАЙСЫЗ?.....	182

## Қазақ спорт журналистикасы: кеше, бүгін, ертең

3 А.В. Бекетов және Д.И. Игнатъев. «Настольная энциклопедия PR». - Бизнес Букс, 2003. - 4 б.

4 Н.Н. Воронцева. «Современная пресс-служба». - Москва, 2009. - 7-16 бб.

## БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНДАҒЫ ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИ ПУБЛИЦИСТИКАСЫ

### ЖІГЕРҚЫЗЫ Нұршырақ

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті*

*Журналистика және саясаттану факультетінің*

*4-курс студенті*

**Кілт сөздер:** «Екінші ұстаз», «Журналистика», «БАҚ», «Саясат», «Тракттар», «Философия», «Музыка», «Жастар», «Логика»

**Аннотация:** мақалада ғылым мен мәдениеттің Аристотельден кейінгі екінші ұстазы Әбу Насыр Әл Фарабидің шығармашылығы сөз болады. Ғылымның барлық саласында жазған еңбектеріне қысқаша талдау жасалады. Философия, логика, психология ғылымы бойынша ғалымның ойларын бүгінгі күнмен байланысты қарастырады. Әбу Насыр Әл Фараби туралы қазақ және әлем зерттеушілерінің пікірі ұсынылады. Ғалымның еңбектерінен нақты мысалдар алынған. Ұлы Абай мен ғалымның ой сабақтастығы айтылады. Басты мақсат ғалымды ұрпақ санасына терең сіңіру және әлемдік деңгейде ғалым еңбектерін кең насихаттау.

Журналистика қоғамның ажырамас бөлігі, тарихтың том-том естеліктері журналист қаламынан туындайды. Бұл дәл қазіргі журналистикаға қатысты менің пікірім. Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында ерекше атап өткен Ұлы даланың ұлы есімдері қырында халқымыздың ұлы тұлғаларын ұрпақ санасына терең сіңіріп, әлемдік деңгейде таныту мақсат етілген еді. Елбасы атап көрсеткен ұлы есімдердің бірегейі Аристотельден кейінгі дүниежүзілік білім мен мәдениеттің екінші ұстазы, Әл Киндиден кейінгі екінші кемеңгер атанған данышпан, ойшыл, энциклопедист ғалым Әбу Насыр Әл-Фараби бабамыз. Араб тарихшысы Захир-ад-Дин әл-Байһақи «Дүниеде төрт ғажап адам болған. Олар Аристотель, Александр, Әбу Насыр және Ибн Сина» деп Әл Фарабидің әлемдік деңгейде белгілі тұлға екенін дәлелдеген. Бүгінде әлемді таң қалдырып, экономика, білім, ғылым саласы бойынша көш бастап тұрған қытай елі ұлы тұлғаларын дәріштеп, қажетіне жаратуды ерте қолға алған. Әлемге танымал философ Конфуцийдің ілімі қытай елінің бүгінгі жетістігінің басты себепкері десек артық емес. Философтың саясат, білім, ғылым, экономика, дін туралы айтқан сөздерін қытай үкіметі осы уақытқа дейін басшылыққа алып келеді. Нәтижесінде алпауыт елге

## Қазақ спорт журналистикасы: кеше, бүгін, ертең

айналды. Міне сол сияқты бізге де ұлыларымыздың ұлағатты сөздерін, ұтымды пікірлерін пайдаланатын кез жеткен сияқты.

«Уа, Раббым! Өткінші қызықтарға қарсы күресімде өзіме ыстық қайрат, керемет күш-қуат бер! Туралыққа бастап, иманымды тақуалықпен берікте!» деп жаратушыдан ғана медет күткен бір өзі мыңға татитын әлемнің екінші ұстазы Әл-Фарабидың қазақ топырағынан шыққаны зор мақтаныш. Жастайынан түрлі ғылымды үйренуге ынтық болған ғалым бар өмірін оқуға арнаған. Өзі өмір сүрген кезеңнің ең білгір, дана тұлғасы болған. Қазақтың ғана емес күллі түркі халқының мақтанышы Әл-Фараби есімінің тарихта алатын орны ұшан теңіз. Ғылым мен білім іздеп бүгінгідей технология, транспорттың жоқтығына қарамастан әлемнің ең бай кітапханаларын аралап, білім нәрін бойына сіңірген. Аристотель, Платон сынды еуропаның ұлы философтарын ұстаз тұтып, еңбектерін түркі, араб жұртына таратты. Батыс пен шығыс өркениетінің алтын көпірене айналды. Қолда барда алтынның қадірі жоқ демекші осындай дана да дара тұлғамызды бүгінде жете танып, зерттеп, еңбектерін қажетімізге толық жаратып отырмыз деп айту қиын. Бізге қарағанда ғалымды шет елдіктер көп зерттеп, айтып жазып жүр. Оған мысал 2014 жылы нидерландықтар «Әл-Фараби екінші ұстаз» деректі фильмін түсірді. Фильмде еуропалықтардың көзқарасындағы, еуропалықтардың танымындағы Фараби бейнесі айқын көрсетілген. Өкінішке орай біздің елімізде ғалымның бар болмысын, еңбек жолын толық ашатын мұндай деректі көркем фильм әзірге жоқ. Біз тек шет елдің туындысын қазақша сөйлетумен ғана шектеліп отырмыз. Әрине ол да керек шығар, алайда шет елдің көзқарасы мен қазақ халқының таным түсінігі жер мен көктей. Міне, осы олқылықтардың орнын толтыратын сәт келді. Бірінші кезекте бар салмақ ғалымдар мен БАҚ өкілдеріне түседі. Халықтың көзі һәм құлағы болған журналистер қауымы ғалымның еңбектерін халық арасында кең насихаттап, қоғамдық деңгейде талқылауға шығару керек.

Әл-Фарабидың жүз елуден астам ғылымың әр саласында жазылған трактаттарын насихаттау арқылы бір ұлтты үлкен жетістікке жеткізуге болады. Саясат, экономика, білім, ғылым, мәдениет, дін мәселерінің ең түйткілді тұстары ғалым еңбектерінде жатыр. Ғалым астрономия, физика, математика, филология, поэтика, каллиграфия, риторика, түс жору, ал-химия, логика, музыка, психология сынды ғылымның ең күрделі салаларына қатысты еңбектер жазды. Атап өтетін болсам, «Әлхимия өнерінің қажеттілігі туралы», «Музыканың ұлы кітабы», «Ғылымның жұлгесі», «Инеллектің мағынасы», «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарасы», «Білімді түсіндіру туралы», «БІрғақ классификациясы», «Вакуум туралы», «Түс көру себептері туралы», «Платон және Аристотель философиясы». Өкінішке орай ғалым өмір сүрген тұстағы Мысыр билеушілеріне оның идеялары қарсы келгендіктен көп еңбектері жойылған. Ғалым мұсылман әлемінде формальды логиканың, саясаттану ғылымының негізін қалаған тұлға. Тұңғыш

## Қазақ спорт журналистикасы: кеше, бүгін, ертең

логикалы, жүйелі, дәйекті мұсылман философы болған алғашқы адам. Оған дәлелел Х-ХІІ ғасырлардағы әлемдік жетістікке жеткен мұсылман ренессансы Әл-Фараби философиясынан нәр алған. Ғалымның философиялық ойлары бүгінгі күнге туралап айтылған сияқты. Бір ғана бақыт туралы пікіріне назар салсақ болады. Әл Фараби бойынша бақыт – өмірдің соңғы нысанасы. Тек дұрыс білім, ізгілік және сұлулық ғана адамды бақытты ете алады. Бірақ адамдардың қабілеті әртүрлі, бәрі түгел бақытқа жете бермейді. Түйсіну, елестету, ойлау ұқсамайды, демек бақытымыз да ұқсаймайды. Шын бақыттың не екенін дұрыс түсінбеген адам оған қалай қол жеткізуді де білмейді, басқа жолға түсіп адасады деп бақыттың қысқаша формасын тұжырымдаған. Қарап тұрсақ дәл қазіргі біздің қоғамның ең түйткілді мәселесі айтылып отыр.

Келешек ұрпақтың санасына ұстаздың тағылымды сөздерін сіңіру мақсатында белгілі ғалым, этнограф А. Сейдімбек тарихи тұлға, асқан оқымысты Әл-Фараби бабамыздың тапқыр сөздерін құрастырып оқырман назарына ұсынған. Сол ұлағатты сөздерінің біріне тоқталуды жөн көрдім. Шығыс әмірлерінің бірі әл-Фарабиді сарайына арнайы шақырып, мынандай сауал қояды: – Уа, Екінші ұстаз, менің мемлекетімнің болашағы қандай күйде болмақ? Болжамыңды естігім келеді, – дейді. Сонда әл-Фараби: – Еліңнің болашағын білгің келсе, маған жастарыңды көрсет, сонсоң айтып берейін, – деген екен. Қандай тапқыр жауап деп ойлайсың. Шынымен де кез келген елдің ертеңгі болашағы жастардың қолында. Жастары білімді, тәрбиелі, озық ойлы елдің болашағы да жарқын болмақ. Дәл қазіргі біздің елімізде бұл мәселе ең өзекті болып отыр. Міне, осы тұста, елдің болашағын тікелей жастармен байланыстырған ғалымның көрегендігін ескере отырып, ойын ары қарай жетілдіру қажет.

Ұлы Абай философиясы өз бастауын Әл-Фараби ойларынан алады. Екі ұлы тұлғаның өмір, ақиқат туралы көзқарастары бір ортадан шығады. Бүгінгі қоғамда халықты жинап небір психологиялық сабақтар жүргізетін мамандарды тыңдағанша бір ғана Әл-Фарабидің еңбектеріне назар салсақ жетіп жатыр. Ғалым адам жанының төрт негізгі қабілетке ие екендігін дәлелдеген. Олар нәпсілік қабілет(аңсар, тәбет, ыңдын), сезімталдық қабілет (сезім мүшелерінің түйсінуі, көру, есту), елестету қабілеті (еске алу, ойша бейнелеу), зерделік қабілет (түсіну, саралау, пайымдау). Соңғысы яғни зерделік қабілет адамды өсімдік пен хайуаннан өзгеше ететін басты артықшылық екенін атап өткен.

Қазіргі қоғамда халық билікке сенбейді, билікті жемқор, сенімсіз деп қабылдайды. Бұл жақсы құбылыс емес. Қоғамдағы адамдарды тәрбиелейтін, дұрыс жолға салып, жақсы қоғам қалыптастыратын билік пен БАҚ өкілдері екені анық. Олай болса Әл-Фарабидің қоғам туралы пікірін басшылыққа алу оң нәтиже бермек. Ғалым қоғамды ізгі және пасық деп бөледі. Пасық қоғам, ол азғындалған қоғам, ол үш түрлі болады: надандық жайлаған, зұлымдық жайлаған, адасқан. Ізгі қоғам, ол саналы қоғам, дұрыс идеяға бағынады, әділетті ту етеді, адамдарға бақыт



## Қазақ спорт журналистикасы: кеше, бүгін, ертең

жаратады. Ал енді біз қандай қоғамда өмір сүріп жатқанымызды біле беруге болады. Тағы бір біздің дәл қазіргі өмірімізде жиі ұшырасатын түс жору мәселесіне тоқталсам. Қазір түс жорып, жол ашып, болашақты болжайтын көрікпелдер, білгіштер көп. Өтірікті шындай, ақсақты тындай етіп, халықты алдап арбаушыларды көргенде ішің ашиды. Түс жоруға қатысты жазған Әл-Фарабидің еңбегін ел арасында кең насихаттасақ, халықтың көзі ашылар еді. Ғалым түс көрудің себебі мен табиғатына талдау жасады және түс жору түстің себебімен бірдей болмайтынын пайымдады. Бұл айтылғандар тек бер жағы, ғалымның сіз бен біз білмейтін әлі талай қыры мен сыры бар. Оны ашатын журналистер деп ойлаймын. Халыққа Әл-Фарабидің еңбектірін кең насихаттап, таратып, түсіндіру басты мақсат. Бір ғана білім жүйесіне ойланбай енгізуге болатын ғалымның «Бірінші білім берме, бірінші тәрбие бер» деген сөзі. Қазір қабылданып жатқан небір реформалардан мың есе артық реформа болар еді. Дана халқымызда жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді деген тамаша сөз бар. Әл-Фарабидей данышпан ғалымның аты да, хаты да өлмек емес. Заман қанша дамып шарықтау шегіне жетсе де ғалымның есімі адамзат санасында мәңгілік сақталары сөзсіз...

### Пайдаланған әдебиеттер:

1. ҚАЗАҚСТАН МҰСЫЛМАНДАРЫ ДІНИ  
БАСҚАРМАСЫ Әл-Фараби деген  
кім? <http://fatua.kz/kz/post/view?id=244>
2. Әдебиет порталы.  
<https://adebiportal.kz/kz/authors/view/3768>
3. Әл-Фараби. Философиялық трактаттар, Алматы, 1973.
4. Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар. Алматы, 1975
5. Қазақ энциклопедиясы. Әл-Фараби. 2 том, 1971.
6. А.Машанов. Әл-Фараби және Абай, Алматы, 1994.
7. А.Көбесов. Әбу Насыр әл-Фараби, Алматы, 2004.
8. <https://aikyn.kz/2018/11/21/73794.html?sait=kk> «Айқын» газеті, «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы

## ОТАНДЫҚ ЖӘНЕ ШЕТЕЛДІК МЕДИА-КОНТЕНТТЕРДІ САЛЫСТЫРУ

### ҚАЖДАР Іңкәр Асқарқызы

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, Журналистика және саясаттану факультеті, Телерадио және қоғаммен байланыс кафедрасы  
Қоғаммен байланыс магистранты*